

С. Оданова

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЫҚШАМДАЛУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Қазақ тіліндегі ықшамдалу құбылысы жайлы еңбектерде тіл біліміндегі үнемдеу процесімен байланысты түсіндірілетіні айтылып жүр. Шындығында, тілдік экономия процесімен тығыз байланысты ықшамдалу жайы тілдің барлық деңгейлерінде кездеседі: фонетикалық ықшамдалу, морфологиялық ықшамдалу, синтаксистік ықшамдалу.

1. Сөздердің дыбыстық ықшамдалуға түсуі, олардың амалдары, кірігуі, сөз ішінде және сөз жапсарында дыбыстардың түсуі, дауысты дыбыс редуциясы, сөз соңындағы дыбыстардың түсірілуі секілді құбылыстар фонетикалық ықшамдалу құбылыстарының қатарын толықтырады.

Морфонологиялық құбылыстардың пайда болуына фонетикалық өзгерістер де өз әсерін тигізбей қоймайды. Мысалы: *барғанмын – барғаммын* болып өзгеруі, бұл – фонетикалық өзгеріс, одан әрі *барғаммын-барғамын* түрінде ықшамдалуы морфонологиялық құбылыс. Демек, м дыбысы кейінді ықпал жолымен н дыбысын еріндік м-ге айналдыруы фонетикалық алмасу болса, екі м-нің біреуінің түсуі – **дегеминация** құбылысы. Ал, кейде морфонологиялық құбылыстың нәтижесінде фонетикалық дыбыс алмасу пайда болуы да мүмкін. Мысалы: *осы жақ – ос(ы) жақ – осжақ – ошишақ* болып өзгергенде алғашқы өзгеріс **ы** дыбысының түсуі (осжак) морфонологиялық өзгеріс болса, **сж-** ның тоғыспалы ықпалға ұшырап, *ошишақ* болуы фонетикалық өзгеріске жатады. Дәл осы үлгімен пайда болған өзгеріске *осы жолы – ошишолы, осы жер – ошишер* сияқты сөздерді келтіруге болады. Сондай-ақ, ы дыбысының түсуімен фонетикалық алмасу пайда болатын *ананы қара – анан(ы) қара – анаңгара, мынаны қара – мынан(ы) қара – мынаңгара* сияқты құбылыстарды да атауға болады. Ал, *солай ет- сөйт, бұлай ет – бүйт, олай ет-өйт* түріндегі ықшамдалған сөздердегі солай, олай, бұлай түрінде жуан айтылатын сөздердің сөй, бүй, өй түрінде жіңішке дыбысталуы да кейінді ықпалдың әсерінен пайда болған фонетикалық алмасуды көрсетеді. Кейде керісінше, фонетикалық құбылыстар одан әрі морфонологиялық құбылысқа ұштаста жатады. Ол, әсіресе, күнделікті ауызекі сөйлеу тіліндегі – *ып,- іп* формалы негізгі етістікке жібер көмекші етістігі тіркескенде бірінші сыңардың қатаң п дыбысы түсіріліп, екінші сыңардағы і қысаң дауысты дыбыс та түсіріліп қалады. Мысалы: *айтып жібер – айтыжбер, оқып жібер- оқыжбер, қарап жібер – қаражбер* т.б. Мұндағы *п, і* дыбыстарының түсіріліп айтылуының себебі неде дегенге түсінік берілмейді. Айтылудағы бұл өзгерістің себебі: морфонологиялық құбылыста. Бұл морфонологиялық құбылыстың пайда болуына **п** дыбысының фонетикалық жолмен в-ға ауысуы себеп болып отыр: *берівжібер- бері(в)жібер*. Соңғы **в** дыбысының түсірілгеннен

кейінгі нұсқасында үш ашық буын қатар пайда болуына байланысты оның бірін сөйлеу ағымында жабық буынға айналдыру әрекетімен **і** дыбысы түседі де *беріжібер- беріжбер* нұсқасы пайда болады.

Тілдік өзгерістердің лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерін анықтау мақсатында белгілі ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, үнемдеу құбылыстарын тілдің бүкіл жүйесін қамтитындығын байқадық. Мәселен, фонетикада тілдік үнемдеуге байланысты терминдерді «элизия», «аферезис», «апакопа», «редукция», «гапология» деп атап жүрміз. Осы ықшамдалу құбылыстарының бір түрі □ элизия.

Элизия – ысыру, ығыстыру мағынасын беретін, сөздің соңғы дыбысы дауысты дыбысқа аяқталып, оған бірігіп айтылатын сөздің, жалағанатын қосымшаның басқы дыбысы дауысты болған жағдайда қатар тұрған бір дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы. Элизияға беріліп жүрген ережелерде алғашқы дауысты түседі деп түсіндіріліп жүр. Қазақ тілінде кейде алғашқысы кейде соңғысы түсіріліп айтылады. Мысалы, *келе алмады- кел (е) алмады – келалмады, не үшін – не (ү) шүн – нешүн*. Қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыздардан тұратын қосымшалар (-к, -қ, -с,-п) дауысты дыбысқа біткен сөзге жалғанғанда элизия жолымен ықшамдалып жасалады. Мысалы, *тара+ ық – тара-қ, күре + ік – күре-к*. Бірақ барлық қатар келген дауысты дыбыстар осылайша түсіріле беруі шарт емес. Кейбір тіркестердің жігіндегі екі дауысты қатар сақталып айтылады. Мысалы, *өте алыс, аса арық, тұра ұрысты*, дегенде *өте, аса, тұра* сөздерінің сазы дауыстылардың сақталуына себеп болады.

Ғалым А. Айғабылов кейде сөз бен қосымшаның арасындағы екі дауысты дыбысты сақтау үшін арасына дауыссыз қыстырма дыбыс қосып айту дәстүрі де бар екендігін айтады. Мысалы, *зырылда + ық – зырылда-қ*, дегенде элизия құбылысы бар да, *зырылда+у+ық зырылдауық*-дегенде **у** дауыссызы арқылы тіркестегі **а** және **ы** дауыстылары сақталып тұрғандығын нақты мысалдармен дәлелдеген.[1;67]

Қазақ тіліндегі ықшамдалу амалы, негізінен дыбыстардың түсірілуіне байланысты жүзеге асатын құбылыс. Сондай ықшамдалу құбылыстарының бірі, элизияға қарама-қарсы құбылыс - аферезис.

Аферезис – элизияға қарама-қарсы құбылыс, яғни бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсуі. Бұл қазақ тілінде сирек кездеседі, оның өзінде алдыңғы сөз бір буынды, әрі ашық буынды болу керек. Мұндай сөздер санаулы ғана: **де, же, бұ(л), о(л), не**, шылау- **да, де, та, те...**

Не істейін? Не ишесің? дегенді тез айтқанда, *нестейін? нешесің?* болып айтылады. Элизия бойынша, *ністейсің? ншесің?* болу керек еді. Бұл не сөзінің жойылуына алып барады. Ал не алдың?- деген

нелдың, налдың емес, тек не алдың болады. Яғни, бір буынды атауыш сөз (не) өз болмысын сақтайтыны байқалады. Ал шылау сөздерде бұл жағдай сақтала бермейді. Мысалы: тұрып та ішті (тұрыптішті), жазып та алды (жазыпталды) т.б.

Апакопа - морфонологиялық құбылыс. Сөз құрамындағы дыбыстардың ықшамдалуын сөз еткенде апакопаға тоқталмай өтпейміз. Апакопа – элизияның бір түрі ретінде қарастырылады. Мұнда сөз соңындағы дыбыстар түсіп қалып, сөз құрамы ықшамдалады. Мысалы: *сары* сөзінің алғашқы формасы «сарығ» болғаны белгілі. Тілдің даму барысында қазақ тілінде аталған сөздің соңғы ғ дыбысы айтылмайтын болған. Тіл тарихын зерттеуші Б.Сағындықұлы «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мақалдағы *ұлық* сөзінің *ұлы* болып, *кішік* сөзінің *кіші* болып өзгеруі апакопаның жемісі дейді. Мұндай ықшамдалуда сөздің мағынасында біршама өзгерістің болғанын айта келіп, бұл сөздердің стилистикалық - функционалдық өң алуы сөздердің дыбыстық өзгерістерге ұшырауының басты бір себебі дей келе, «ұлық» пен «кішік» сөздерінің абстракт мағынасы басым да, «ұлы»мен «кіші» сөздерінің нақтылық мағынасы басым екендігін айтады [2; 70-71]

Сөйлеуші дыбыстау органдарына күш түсірілуімен көздеуі салдарынан дыбыстарды ғана емес буындарды да түсіріп айтады. Мұндай фактілерді әсіресе ауызекі сөйлеу тілінен жиі кездестіреміз, барамын-барам, көремін-көрем, болып-боп, келіп-кеп т.б. Элизияға немесе апакопаға ұшыраған дыбыстар кейде уақытша түсіріліп айтылса, кейде толық сынары мен толық емес сынары жарыса қолданылады. Белгілі бір дыбыстың, немесе буынның мүлдем түсіп қалып, тұрақталып орнығуы, сөз жоқ қысырып ықшамдалудың жемісі. Қатарласып келген екі бірдей буынның біреуінің түсіріліп айтылуы тіл білімінде «**гаплогогия**» деп аталады. Тарихи тұрғыдан қарағанда буындардың әрқашан бірдей құрамда болуы шарт емес екендігін ғалым Б.Сағындықұлы өз дәлелдемелерінде жиі айтады.

Мәселен, *түтіндік* сөзінің *түтүндүк* болып айтылуында тү-тү болып дыбысталатын буындарындағы ұқсас, қайталанып келген буындардың бірі түсіріліп, *түндік* (*түңдүк*) болып айтылады. Осы сияқты *түнеугүгүнү* (*түнеугі күнгі*) сөзінің де *гү-гү* ұқсас дыбыстары біріккен сөз жігінде келіп, біреуі ықшамдалу арқылы *түнеугүнү* нұсқасы қалыптасқан. Қазақ тілінде *гаплогогия* жолымен жасалған сөздер көп емес, дегенімен тілімізде кездесіп тұрады.

Редукция - әлсіреу, түсіп қалу, ықшамдалу деген ұғымды беретін, буын түрлерінің айтылу сазына қарай дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипатының өзгеруі. Әдетте редукция құбылысы дауысты дыбыстарға байланысты болып келеді. **Кісіне** сөзін айтқанда *кісіне* болып дыбысталады да, екі түрлі өзгеріс жүзеге асады: 1) алғашқы буындағы *і* дыбысы қысқа айтылады; 2) екінші буындағы *і* мүлде түсіп қалады. Түркі тіліндегі бұл құбылыс орыс тіліндегі үлгімен екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың әлсіреуі немесе түсірілуі деп түсіндіріліп

келді. Шындығында, қазақ тілінде редукция құбылысы сөз құрамындағы ашық, жабық буындардың айтылу сазына байланысты. Экспериментальды-фонетиканың зерттеу нәтижесі ашық буындардың созылыңқы, жабық буындардың қысқа айтылатындығын дәлелдеген. Олай болса, *кісіне* деген сөздегі үш ашық буынның *кісіне* болып айтылғанда алғашқы буындағы *і*-нің қысқа естілуі жаңа пайда болған жабық буында тұруына байланысты (*кісі*). Ал екінші буындағы *і* нің түсіріліп айтылуы қатар келген ашық буындардың сөйлеушінің өз ойын әрі тез, әрі нақтылы жеткізу жолындағы психологиясына байланысты. Себебі, тіліміздегі қандай сөзде болсын дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы тек қатар келген ашық буындарда ғана іске асады. Ғалым М.И. Трофимовтың редукция құбылысы тек ашық буында ғана іске асады деуі орынды, бірақ себебін ашып түсіндірмеген. Қазақ, түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың редукциялану жайы туралы пікірлеріне сүйенсек бір-біріне қайшы келетіндері де жоқ емес. Сөйлеу тілінде белгілі бір жүйе болу керектігін ескерсек, редукция жайы таза фонетикалық құбылыс емес, морфонологиялық тұрғыдан ғана қарастырғанда өз шешімін табуға тиіс. Морфонологиялық құбылыстардың осы кезге дейін жете зерттелмеуі, барлық дыбысқа байланысты өзгерісті фонетика саласында қарастырып, фонетика заңдарымен түсіндіруге әрекет жасау редукциялану құбылысын дұрыс шешуге кедергісін тигізді. Мысалы: мойын-мойны, бірақ шойын-шойны емес, халық-халқы, бірақ балық, салық, толық сөздері балқы, салқы, толқы болып айтылмайды. Бұл мысалдардан бірізділіктің жоқтығын әр түрлі айтылатын бұл құбылысты қалай түсіндіруге болады? Редукциялану, біздіңше, тек сөйлеу процесінде пайда болатын ықшамдалу процесі. Сөйлеуші тыңдаушысына өз ойын әрі көп күш жұмсамай, әрі тез жеткізу мақсатында мағынаға нұқсан келмейтін тұста мүмкіндікті барынша ықшамдауға әрекет жасайды.[3]

Морфонологиялық ықшамдалу құбылыстарына *сіңісу*, *жылысу*, *ығысу* құбылыстары да жатады.

Сөздердің морфологиялық құрылымының өзгеруіне себепкер болатын грамматикалық процестердің қатарына *сіңісу* құбылысы мен *жылысу* құбылысы жатады. Кейбір сөздердің құрамындағы морфемалар тілдің даму барысында мағыналарынан айырылады да ондай сөздер морфемаларға ажыратып, мүшеленбейтін сөздер ретінде ұғынылады.

Сөз құрамындағы морфемалардың мағыналары жойылып, олардың бір-біріне кірігіп кетуіне, соның нәтижесінде сөз жігінің әбден күнгірттеніп, морфемаларға мүшеленбеуіне әкелетін морфонологиялық процесс *сіңісу* құбылысы деп аталады. *Сіңісудің* нәтижесінде сөз құрамындағы морфемалар өзара әбден кірігіп, олардың бұрынғы жігі жойылады, олардың жігін лингвистикалық анализ жасау арқылы ғана айқындауға болады.[3; 17-18]

Бәрімізге белгілі сексен, тоқсан деген сан есімдердің түбірлері қазіргі кезде сегіз және он, тоғыз және он деген бөлшектерге ажыратылмайды, бұл сан есімдерді бір бүтін сөз ретінде ұғынамыз.

Сондай-ақ қазақ тілінде қазіргі кезде әкел дегенді алып+кел деген сөздерден, апар дегенді алып+бар деген сөздерден құралған деп қарамайды, олардың шығу тегі, әдетте, еске алынбай, бір бүтін сөз ретінде қабылданады.

Қазақ тіл білімінде зерттеуді қажет ететін құбылыстар аз емес, соның бірі – жылысу құбылысы. Бұл құбылыс В.А. Богородицкийдің, К. Ахановтың, Б.Сағындықұлының еңбектерінде біршама қарастырылған.

Тілдің даму барысында сөз құрамындағы морфемалардың бірінің элементі екіншісіне ауыстырып, ол морфемелердың бұрынғы жігі мен ара қатысының өзгеруі жылысу құбылысы деп аталады. Морфологиялық жылысу құбылысы (морфологическое явление перерозложения) түркі тілдерінде де бар. К. Аханов еңбегінде В.А. Богородицкийдің мынадай пікірін келтіреді: «Жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктеріне жалғанатын ілік септік жалғауының алғашқы түрі –ың, -ің түрінде болған. Бұл бастапқы форма (–ың, -ің) менің, сенің, оның деген есімдіктерінің құрамында сақталған. Тілдің даму барысында морфологиялық жылысу процесінің нәтижесінде есімдіктердің соңындағы н дыбысы жалғауға ауысқан да, ілік септіктің жалғауы ұлғайып, (бір дыбыс қосылып), **-ның, -нің** түрінде айтылып қалыптасқан»[4] Профессор Б.Сағындықұлы бұл жылысу құбылысын жіктік жалғауының есебінен емес тәуелдік жалғауының есебінен қалыптасқандығын былай түсіндіреді: «Жалпы алғанда н-ның морфологиялық ығысу жолымен ілік септігінің құрамына ауысқаны рас. Бірақ ол жіктеу, сілтеу есімдіктеріндегі н емес, тәуелдіктің 3-жағының толық формасы құрамындағы –н еді. Бұл дыбыс атау септігінде сөз соңында элизияға ұшырап мүлдем түсіп қалғаны мен сөз ортасында өлі формаға айналды, соның салдарынан әр түрлі грамматикалық күйді басынан өткерді. Ең алдымен, жоғарыда айтылғандай, ілік септігінің құрамына ауысып, бекіді. Өйткені ілік септігінің жалғауы тәуелдік жалғауынан кейін қосылады. Бұрынғы **-н** құранды **н+ын**-ға айналды. Түркі тілдерінде **ң** фонемасының қалып

тасуына байланысты бірте-бірте **-ның** түріне енді. [5]

Түрікі тілінде жылысу құбылысы мен қатар **ығысу** құбылысы да кездеседі. Ығысу құбылысын танып білуде этимологиялық ізденістер маңызды рөл атқарады. Бұл құбылысты алғаш аңғарған профессор Б.Сағындықұлы кейбір сонор дыбыстардың сөз құрамында, атап айтқанда, сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында бұрыннан қалыптасқан дауыссыздарды әртүрлі лингвистикалық, экстра лингвистикалық себептердің салдарынан ығыстырып жіберіп, ол дауыссыздардың орнына өздері тұрақтап қалатынын нанымды дәлелдейді. Автор еі белсенді ығыстырушы дыбыстардың қатарына –й, -н, -л үнділерін жатқызады. Ығысу құбылысына мынадай анықтама береді: «Сөз құрамындағы кейбір дауыссыздардың ығысып, үнді дыбыстарға орын беруін ығысу құбылысы деп атайды». Мысалы: *адыр-айыр, Ніңә көп достны бу достдын адырды – Неше көп досты, бұл достан айырды.*

Қорыта келе, кез-келген сөйлеуші қашан да тілдік элементтердің айтуға жеңіл болуын, сөйлеу органдарына күш салмауын көздейтіні белгілі. Ал тіліміздегі үндестік заңы осы талапқа негізделіп, үнемдеу құбылысына тәуелді болады. Осындай заңдылықтардан барып, тіліміздегі кейбір сөздер түбір мен қосымшаға ажырамай, біртұтас айтылады. Қазақ тіліндегі жекелеген дыбыстардың түсіріліп айтылуы, буынның түсіріліп айтылуы, қатаңдардың ұяңданып кетуі немесе басқа дыбыстарға ауысуы тілдік экономияға алып келеді.

1. Айғабылұлы А. Қазақ тілі морфологиясы мен лексикологиясы. А., 2006, 67б.

2. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А. 1994, 70-71б.

3. Төлекова Г.Қ. Қазақ тіліндегі сінісу, ығысу, құбылыстары. Алматы. 2008ж.

4. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы. Мектеп, 1993- 496 б.

В статье рассматриваются вопросы экономики языковых средств в морфологических конструкциях, а также факторы, влияющие на нее.

In article it is told about feature of economy in morphological designs and also factors influencing on it.

Х. А. Ордабекова

ТІЛ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ҮРДСІ

Соңғы жылдары тілші ғалымдардың назары - адамдардың әлеуметтік, қоғамдық ортада тілдік қарым-қатынас орнатуына себеп болатын сөйлеу әрекетін жүзеге асыру процестері, атап айтқанда, айтылған хабарды тез қабылдауда, оны түсініп, оған жауап қайыруда адам жадында сақталған лексикалық бірліктердің ішінен (лексикон) айтылатын ойға сәйкес келетін сөзді дәл табуы сияқты мәселелердің

шешімін табуға бағыттталып отыр. Тілдік жүйе адам санасында сақталатындықтан, сөйлеу, сөйлесу процестерін, сөйлегенді қабылдау, түсіну жағдайларын психологияның қатынасынсыз шешу мүмкін емес. Санада сақталатын зат пен оның атауының байланысы, біртектес көп заттарды жинақты бір ғана атаумен атауда басшылыққа алынатын олардың барлығына ортақ ең елеулі, басты белгілерін ай-